

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі  
арасындағы шекаралық өкілдердің қызмет участелері туралы хаттаманы (карта 1:200 000) ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 27 ақпандағы № 203-VII ҚРЗ.

2019 жылғы 20 мамырда Бішкекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызмет участелері туралы хаттама (карта 1:200 000) ратификацияланын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К. ТОҚАЕВ

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы  
шекаралық өкілдердің қызмет ету участелері туралы ХАТТАМА (карта 1:200 000)**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Тараптар), 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызметі туралы келісімнің 2-бабына сәйкес шекара өкілдері қызметінің мынадай мемлекеттік шекара участелерін айқындауға келісті:

Қазақстан Республикасының тарапынан:

Алматы участесі бойынша - 6995 (7228) белгіден (Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Қытай Халық Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нұктесі) [геодезиялық координаттармен  $42^{\circ} 12' 36.4''$  с.е. және  $80^{\circ} 10' 31.1''$  ш.б.] № 36 (5664) шекара белгісіне (Қастек белесі) [геодезиялық координаттармен  $42^{\circ} 56' 23.8''$  с.е. және  $75^{\circ} 49' 26.8''$  ш.б.] дейін;

Қордай участесі бойынша - № 36 (5664) шекара белгісінен (Қастек белесі) [геодезиялық координаттармен  $42^{\circ} 56' 23.8''$  с.е. және  $75^{\circ} 49' 26.8''$  ш.б.] № 158 (4476) шекара белгісіне [геодезиялық координаттармен  $42^{\circ} 49' 21.8''$  с.е. және  $73^{\circ} 30' 41.4''$  ш.б.] дейін;

Тараз участесі бойынша - № 158 (4476) шекара белгісінен [геодезиялық координаттармен  $42^{\circ} 49' 21.8''$  с.е және  $73^{\circ} 30' 41.4''$  ш.б.] 4131 (8060) белгісіне дейін (Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нұктесі) [геодезиялық координаттармен  $42^{\circ} 15' 48.6''$  с.е. және  $70^{\circ} 56' 42.0''$  ш.б.];

Қырғыз Республикасының тарапынан:

Істықкөл участесі бойынша - 6995 (7228) белгісінен (Қырғыз Республикасының, Қазақстан Республикасының және Қытай Халық Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нұктесі) [геодезиялық координаттармен  $42^{\circ} 12' 36.4''$  с.е. және

80° 10' 31.1" ш.б.] 4642 (5280) белгісіне [геодезиялық координаттармен 42° 54' 56.5" с.е. және 77° 13' 23.1" ш.б.] дейін;

Шу участкесі бойынша - 4642 (5280) белгісінен [геодезиялық координаттармен 42° 54' 56.5" с.е. және 77° 13' 23.1" ш.б.] 4315 (9676) белгісі бар геодезиялық пунктіне [геодезиялық координаттармен 42° 25' 28.6" с.е. және 73° 30' 22.8" ш.б.] дейін;

Талас участкесі бойынша - 4315 (9676) белгісі бар геодезиялық пунктінен [геодезиялық координаттармен 42° 25' 28.6" с.е. және 73° 30' 22.8" ш.б.] 4131 (8060) белгісіне дейін (Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нұктесі) [геодезиялық координаттармен 42° 15' 48.6" с.е. және 70° 56' 42.0" ш.б.].

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдердің орындалуы туралы Тараптардың жазбаша хабарламасының соңғысы дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді және 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызметі туралы келісіммен бір мезгілде қолданысын тоқтатады.

2019 жылғы 20 мамырда Бішкек қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтін тең түпнұсқалы болып табылады.

Мәтіндерде алшақтықтар болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүргінеді.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының  
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК